

Анықтама

Талдық негізі орта білім беретін мектебі.

«Жасөркен» жазғы демалыс алаңы.2021-2022 оқу жылы

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын іс жүзіне асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалану керек. Осы мақсатта біздің мектеп жанындағы жазғы демалыс алаңын ұйымдастыруға арналған жұмыс жоспарына сәйкес күн тәртібі, мектеп жанындағы алаң тәрбиешілері мен қызметкерлерінің жауапкершілігіне қатысты, балалар ойнайтын орындардың талапқа сай болуы, өмір қауіпсіздігі туралы бұйрықтар мен жұмыс жоспарлары бекітілді.

Тәрбиешілер мен қызметкерлер «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық» атты каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру тұжырымдамасымен танысты.

Азаматтық- патриоттық тәрбие тәрбие бағытына сәйкес Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шараны муз жетекшісі Болысай

Д.Т. ұйымдастырып, балалар күнінің өз мәнінде өтуіне ауыл әкімшілігі мен жастар ұйымы толық атсалысты. Ауыл жастары «Барлығы балалар үшін» республикалық акциясына қатысып, барлық балаларға сыйлықтар әзірлеп, өткізілген әрбір ойын жүлдегеріне арнаулы сыйлықтар ұсынып, алғыс хаттармен марапаттады. Қ.Р. Мемлекеттік рәміздер күніне 30-жыл жылдығына арналған «**Жас өркен**» мектеп жанындағы жазғы алаңда балалар арасында ҚР мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай 3 маусым күні музыка жетекшісі Болысай Д.Т. ұйымдастыруымен балаларға мемлекеттік рәміздер туралы толық мағлұмат беру мақсатында «Рәміздер-мақтанышым» тақырыбында кеш өткізілді. Кеш барысында балалар рәміздер туралы тақпақтар айтып, сұрақтарға жауап беріп белсене қатысты.





тәрбиеші Сағындықова М:Е. «Рәміздер ұлттық мақтанышымыз», психолог Арганатова А.С. «Менің Отаным –Қазақстан» тақырыбында тақырыптық кештер өткізіп «Мемлекеттік рәміздер мен ел гералдикасын бейнелейтін бейнероликтер , слайдтар көрсетті.

Экологиялық еңбек бағытына сәйкес «Табиғат денсаулық мекені» , «Туған жерім тал бесігім» тақырыптарында тақырыптық сабақтар мен табиғат қолдар» үйірмесіне қатысқан оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарынан көрме жасақтады. Мектеп ауласына өсірілген талдар мен гүлдерді суаруға көмектесіп еңбек аясына топ серуендер апта сайын ұйымдастырылды. еңбек міндеттерін орындады.

«Отбасы -бақыт мекені» бағытына сәйкес «Менің отбасым» тақырыбындағы топтық сайысты оқушылары мен ата-аналарын қатыстыра отырып ұйымдастырды. ата, ана бала топтарына бөлінген қатысушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы сұрақтар мен тапсырмаларды орындады. Бұл кім?, сұраққа жауап, мақалды жалғастыр, ой жұмбақ бөлімдері бойынша орындады, тақырып бойынша суреттер мен тапсырмалар, бейне көріністер слайд арқылы көрсетілді.

«_ Өлкетану» бағыты негізінде «Туған өлкем» киелі жерлерге саяхат жоспары бойынша Талдық селосынан 20-шақырым жердегі «Нұрсейіт» мөзелейіне және Қотыртас өңіріне саяхатқа барды. XIX ғасырдың ортасында тұрғызылған көнеден жеткен жәдігерлік құрылыс архитектурасы, Сәулет өнеріндегі осы осы ескерткіштің ою-өрнек ерекшеліктері

бір-бірімен үндесіп,мазардың ішіндегі алты бес жұлдызбен сонша терезе көздерінің мөлшері мен ара қашықтықтары бірдей етіп салынған.мазар біктігі 10-метрге жуықтайды.Оқушыларға ескерткіш тарихынан мәліметтер берілді.



«Ізгілік шуағы» бағыты бойынша Жеке тұлғаның өзіндік «Менін»тереңірек танытып қызығушылығын ояту,өзінің адамгершілік мінез –құлықтарына баға беру ,өзіне деген сенімділік қабілетін дамыту ,ұжымдағы қарым қатынасты нығайту қайрымдылыққа тәрбиелеу мақсатында «Адами қарым-қатынас», «Жақсы көңіл күй- жан азығы»,

Мақсаты: оқушылардың көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу



Қорытынды.Оқушылар өз әсерлерімен бөлісті, өз сезімдерімен бөлісті.

Спарттық «Салауатты өмір-ғасыр ұраны » бағыты бойынша балаларда салауатты өмір салтын қалыптастырып өмірге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру ,зиянды әдеттердн аулақ болуға баулу,денсаулығын нығайту,еңбек іскерлігін дамыту мақсатында «Салауатты өмір салты», «Денсаулық ережесі», «Дәрумендер»тақырыптарында дәрістер мен кештер ,қимылды –қозғалмалы ойындар,сайыстар өткізіліп турнирлер ұйымдастырылды.Мектеп оқушылары жазғы демалыс кезінде аудан көлемінде ұйымдастырылған «Қазақстан полициясына-30 жыл» сайысына қатысып жүлделі орынға ие болды.





Көркемдік –эстетикалық бағыт «Таңғажайып әлем »,-тақырыбына сәйкес. жазғы алаңның арнаулы сабақтарында балалар бейнелеу және сәндік қолданбалы өнерінің түрлерімен танысып , көрмелер жасақтады ойындар ойнады және де әр түрлі суреттер салды. Оқушылар әр бояудың өзіндік мәнін қай түсті қай жерде пайдалану керектігін де білді.



Ғылыми –эстетикалық бағыт «Жас ғалым» тақырыптарына сәйкес

Зияткерлік ойындар, « Тапқыр достар», «Математикалық ойындар», «Кім зерек» тақырыбыптарында ойындар мен сайыстар ұйымдастырылып шығармашылық еңбек ету қабілеттерін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. «Сыйлық байлық бәрі кітапта» тақырыбында өтті Сабақтың мақсаты: Балалардың ой өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықтарын күтіп ұстауға тәрбиелеу болды.



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30



Samsung Dual Camera
Samsung Trile Galaxy A30

«Жас өркен» жазғы демалыс алаңында біздер оқушылармен ауылымыздағы кітапханаға саяхат жасады. онда оқушылар ертегі, әңгімелер мен сыр шертетін кітаптармен танысты. Сонымен қатар оқушыларға кітапханашы кітапты шығару үшін көптеген адамдар еңбек ететінін қалай күтіп ұстау, оқу керектігін мысал әңгіме ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп шағын көрмелермен таныстырды. Саяхатымыздың соңында оқушылар шағын көрініс қойды.



«Ұлы дала алағаты» бағыты бойынша Қазақстан мұражайларына виртуалды экскурсиялар слайд бойынша көрсетілді. Оқушыларға қоршаған орта, табиғат аясы туралы ой-өрісін кеңейту, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу мақсатында «Табиғат тал бесігім», «Табиғат денсаулық мекені», тақырыптарында табиғат аясына

топсаяхаттар ұйымдастырылды.





Аталған тақырып бойынша көрме жасалынып, бұл сайыс табиғат аясында өткізілді. оқушылар табиғат аясына асыхатқа шығу арқылы достықты ұйымшылдықты табиғатты аялауды үйренді.